

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2023 жылғы 10 шілдедегі № 125
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2023 жылғы 14
шілдеде № 33079 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан**«Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № ҚР ДСМ-118/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы****БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № ҚР ДСМ-118/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21399 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамы көрсетілген бұйрыққа қосымшамен бекітілген жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

А. Гиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 10 шілдедегі
№ 125 бұйрығына
ҚОСЫМША

Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамы

№	Атауы	Са- ны
1.	Дәкелі бинттер 5 м x 10 см (стерильденген)	2 да- на
2.	Дәкелі бинттер 5 м x 10 см (стерильденбеген)	2 да- на
3.	Дәкелі бинттер 7 м x 14 см (стерильденбеген)	2 да- на
4.	Таңу пакеті (стерильденген)	1 да- на
5.	Бактерицидті жапсырма	5 да- на
6.	Медициналық жапсырма	1 да- на
7.	Серпімді құбырлы бинт № 1	1 да- на
8.	Серпімді құбырлы бинт № 3	1 да- на
9.	Серпімді құбырлы бинт № 6	1 да- на
10.	Медициналық қолғаптар (стерильденбеген)	6 да- на
11.	Доғал ұшты, металл қайшылар	1 да- на
12.	«Ауыз - құрылғы - ауыз» жасанды тыныс алуға арналған құрылғы («Ауыз - маска» өкпені жасанды желдетуге арналған қалта маскасы)	1 да- на
13.	Таңуға арналған косынка-бандаж	1 да- на
14.	Құтқару көрпесі (термиялық көрпе)	1 да- на
15.	Жылдам мұзы бар пакет - гипотермиялық бір реттік пайдалануға арналған	1 да- на
16.	Ысқырғыш	1 да- на
17.	Фонарь (2 қосалқы батареямен)	1 да- на
18.	Қобдишаға арналған футляр (былғары алмастырғыш)	1 да- на

19.	Блокнот	1 да- на
20.	Қарындаш	1 да- на
21.	Ылғал майлықтар (антисептикалық)	1 бу- ма
22.	Қысқыш	1 да- на

Ескертпе: Жеке алғашқы медициналық көмек қобдишалары жеке қажеттіліктер мен тілектерге сәйкес пайдаланушының қалауы бойынша толықтырыла алады.

Өнеркәсіптік объектілерде дәрі қобдишасының құрамы қолдану жөніндегі нұсқаулықты қоса бере отырып, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларға (қышқыл, сілті, фосфор, әк және басқалар) байланысты зардап шеккен адамның денесінің зардап шеккен аймағын шұғыл өңдеуге арналған құралдармен (антидоттармен) толықтырылады.